

16.07.2020-ғы № 23-9/2863 дз шығыс хаты

17.07.2020-ғы № 2315//23-9/2863дз кіріс хаты

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**



**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2020 жылғы 19 маусымдағы № 16-13-199/д/с хатына

Құрметті депутаттар!

Сіздердің мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде елдің әскери ведомстволарында жанар-жағармай материалдарын сақтауға арналған резервуарларды сатып алу туралы депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймыз.

«Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабында мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың құрамы анықталған, бұл ретте жанар-жағармай материалдарын сақтауға арналған резервуарларды сатып алу оның құрамына кірмейтінін атап өтеміз.

Қорғаныс министрлігі мен Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланының ақпаратына сәйкес ағымдағы жылы жанар-жағармай материалдарын сақтауға арналған тиісінше 84 және 23 резервуар мемлекеттік сатып алу арқылы сатып алынды.

Бұдан басқа, елдің әскери ведомстволарының осы мәселе бойынша өтінімдерін Қаржы министрлігі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды көрсеткіші мен мемлекеттік сатып алу кезінде қаржыландыру көздерінің анықталуын ескере отырып, 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде қарауды жоспарлап отыр.

А. Мамин